

ТІЛДІ МЕҢГЕРТУДІҢ АКТИВТІ ЭЛЕМЕНТТЕРІ

педагогика ғылымдарының магистрі: Баербекова А.Е.
оқытушы: Уразбекова Д.У.

Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті

Оқыту әдістері - оқытудың мақсат-міндеттеріне сай оның мазмұнын студенттерге меңгертуде оқытушы мен студенттердің қолданатын амал-тәсілдері мен құралдарының жиынтығы болып табылады. Оқытушы оқыту әдістерінің көмегімен студенттерге білім беріп, олардың тәжірибелік әрекетін ұйымдастыруда өзінің іс-әрекетін студенттердің таным әрекетіне басшылық етумен байланыстырады.

Оқытушы оқытудың нәтижесін арттыруда оқыту әдістеріне қатысты амал-тәсілдерімен қатар оның құралдарын да пайдаланады.

Қазақ тілі сабағында қолданылатын әдістер:

Сөздік әдістер: түсіндіру, әңгіме, әңгімелесу, кітаппен жұмыс.

Көрнекі әдістер: иллюстрация және демонстрация.

Оқыту үрдісінде ең көп тараған дәстүрлі әдіс - сөздік немесе оқытушының ауызша баяндау әдісі. Бұл әдіс оқыту процесінде басқа әдістерге қарағанда жетекші роль атқарады.

Көрнекілік әдістер оқу материалын оқушылардың көзімен көріп, нақтылы түсінулеріне мүмкіндік береді.

Бұған демонстрация, иллюстрация тәсілдері жатады.

Тәжірибелік әдістердің ішінде ең көп қолданылатыны — жаттығу әдісі. Оқу барысында теориялық ережелер мен қағидаларды қайта пысықтап, тиянақты меңгеру жаттығу арқылы орындалады.

Ауызша жаттығу оқушының оқу материалын ауызекі баяндауға дағдылану мақсатын көздейді.

Ал сабақ барысында ойын элементтерін қолдану әдісі, студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттырып, тіл үйренуге барынша ынталандырады. Орыс топтарына мемлекеттік тілді оқыту барысында әр түрлі тиімді ойын элементтерін қолдануға болады. Бұл әдіс арқылы, біріншіден, студенттің пәнге деген қызығушылығын оятамыз, екіншіден, өтілген тақырыптарды бекіту мақсатымен тақырыпты есте сақтау қабілетін арттырамыз, төртіншіден, сабақ ортасында олардың көңіл-күйін сергітіп, ерік-жігерін дамыта аламыз.

Мысалы, сабақ өткізу үрдісінде студенттермен мынадай ойын түрлерін өткізуге болады:

1. **«Сұрақ-жауап»** ойыны. Мақсаты: өтілетін тақырыпқа байланысты мақал-мәтелдерді меңгерту. Шарты: студентке мақалдың негізіне құрылған сұрақтар ұсынылады. Ал студент сұраққа тисті мақалмен жауап беруі керек. Мысалы:

- Кімнің көзі елу?
- Отан неден де ыстық?
- Туған жер қандай бесік?

2. **«Сөзден сөз тіркесіне»** оқыта үйрету ойыны. Бұл ойын арқылы студенттердің сөзден сөз тіркесін құрай алу дағдылары қалыптастырылады. Мысалы, оқытушы жер деген сөзді айтады, студенттер кең жер, кең байтақ жер, туған жер т.с.с сөз тіркестерін айтады.

3. **«Жалғасын тап»** ойыны. Мақсаты: Мақал-мәтелдерді есте сақтау қабілеттерін арттыру. Ойын шарты: Мақал екі қатарға жазылады. Бірінші қатарда басы, екінші қатарда соңы жазылады. Мақал басы мен соңының орындары ауыстырылып жазылады. Студенттің міндеті тілдік сызықшамен қосу арқылы әр мақалдың толық мағынасын шығару.

А) Ердің сыншысы	бітеді
Ә) Жақсы болсаң,	жүректе
Б) Ерлік білекте емес,	ашу-дұшпан
В) Жері байдың	ел
Г) Ақыл дос,	ардақты ат,
Ғ) Кім еңбек етсе	жақын көп
Д) Мал баққанға	сол тоқ
Е) Адам деген-	елі бай

4. **«Бәйге» ойыны.** Мақсаты: Шапшаң ойлауға, тез әрі дұрыс жауап бере білуге дағдыландыру. Ойын шарты: Оқытушы оқыған сұрақтарға студенттер қол көтеріп, жылдам жауап берулері тиіс.

1. Тудың авторы кім?
2. Елтаңбаның авторы?
3. Әнұранның авторы?
4. Тудағы күн нені білдіреді?
5. Шаңырақ ненің нышаны?
6. Қанатты пырақ туралы айтып беріңіз.
7. Қалықтаған қыран ненің белгісі?

Тудағы оюдың түрін атаңыз.

5. **«Дұрысын тап» ойыны.** Мақсаты: Есте сақтау қабілеттерін тексеру. Ойын шарты: Бірінші бағандағы сөздердің ұғымын екінші бағаннан табу.

Ата	Ұрпақ иесі, үй басшысы, асыраушысы. Қазақ отбасында оның орны ерекше. Ол тек отбасы ғана емес, ауыл, ру, ел ағасы. Жанұя мүшелері оны тыңдайды.
Әже	Өзіңді өмірге әкелген, түн ұйқысын төрт бөлген, ақ сүтін берген кісі. Ол өмірдің тұтқасы, тәрбиешісі, ақ ниетті, мейірбан адам. Ол отбасының берекесі, ырысы, ақылшысы.
Әке	Ата-анадан тараған ұрпақтар. Олар шаңырақ иесі, әке өмірінің жалғасы.

Ана	Әкенің әкесі. Өз отбасының ғана ақылшысы емес, ел ұйытқысы. Ол отбасы бірлігін, ел бірлігін, тұрмысын, болашағын байқап отыратын дана, көреген қария. Оның айтқаны - кішілерге заң.
Бала	Ата-ананың мақтанышы, сәні, көркі, еркесі. Ол болашақ жар, ана. Сондықтан оны аялап, мәпелеп өсірген, қатты сөз айтпаған.
Қыз	әкенің шешесі. Ол ел ішінің, отбасының тыныштығын ойлайтын көптің сыйлы адамы. Ол қазақтың салт-дәстүрін сақтап, отбасының бірлігін сақтайтын тәрбиешісі, ақылшысы.

6. «**Адасқан сөздер**» ойыны. Мақсаты: Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін меңгерту. Шарты: Берілген сөйлемдердегі сөздерді орын-орнына қою.

1. Ағам нағашы өте менің ақылды.
2. Жарасады қыз балаға биязылық.
3. Орындап шықты әнін келген әншілер ауылға біздің «Ерке қыз».
4. Арналған бар мектеп-лицейі Қарағанды дарынды қаласында балаларға.
5. Қорқақ қол көз батыр.
6. Мал шашпақ, өтірік, өсек, мақтаншақ, бекер еріншек.

7. «**Кім тапқыр?**» ойыны. Мақсаты: Студенттердің сөздік қорларын молайту, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру. Ойынның шарты: Денсаулыққа қатысты орыс тілінде берілген сөздердің қазақша баламасын тауып, оны берілген торкөзден іздеп табу.

1. Отравиться
2. температура
3. сердце
4. врач
5. ангина
6. грипп
7. болеть
8. лечиться
9. желудок
10. нос
11. печень
12. больница
13. поликлиника
14. здоровье
15. аптека
16. уши
17. рот

18. почки

а	н	у	с	п	а	е	м	д	а	с	қ	л	а	қ
л	қ	д	а	ұ	м	а	у	е	л	у	а	ұ	қ	а
у	ы	ә	б	т	а	у	ы	р	у	д	з	а	н	н
у	з	р	і	г	е	р	м	ұ	р	ә	р	і	х	а
ж	ү	р	б	а	у	н	а	е	ы	н	с	қ	б	к
а	у	е	а	р	р	а	х	м	н	е	а	ы	ү	е
з	ы	к	у	ы	у	х	а	н	а	д	у	л	й	р

8. «Шын не жалған» ойыны. Бұл ойынның мақсаты – берілген ақпаратты дұрыстығын не жалғандығын анықтау.

	шын	жалған
1. М.Әуезов 1897 жылы Шыңғыстау жерінде дүниеге келген.		
2. Әкесінің аты – Омархан.		
3. Ол кадет корпусында оқыды.		
4. М.Әуезов Санкт-Петербург университетінде, Ташкенттегі Орта Азия университетінде оқыған.		
5. «Бақытсыз Жамал» романының авторы – М.Әуезов.		
6. 1917 жылы «Еңлік-Кебек» пьесасын жазды.		
7. М.Әуезов – ақын.		
8. «Абай жолы» роман-эпопеясы М.Әуезовтікі емес.		
9. М.Әуезов 1961 жылы қайтыс болды.		

9. «Корректор» ойыны. Бұл ойынның мақсаты – студенттерді мемлекеттік тілде сауатты жазып, сөздерді дұрыс айтуға үйретеді.

Тақырыпқа сәйкес мәтін беріледі. Мәтінде кейбір сөздер мен терминдерге әдейі қате жіберіледі. Студенттер сол қателерді тауып, оның неге қате екенін дәлелдеулері керек.

10. «**Сандар мен әріптерді сәйкестендір**» ойыны. Студент берілген бірінші кестедегі сандарды екінші кестедегі әріптермен сәйкестендірсе, Бауыржан Момышұлының нақыл сөзі оқи алады. Мұндай ойын элементін кез-келген тақырыпта жасауға болады.

1	6	18	3	24	8
12	9	22	14	23	11
4	17	20	5	19	13
10	15	7	21	16	2

о	ш	й	а	ң	Н
а	о	с	ү	і	қ
н	ү	е	ү	м	т
т	с	і	й	к	т

11. «**Артық сөз**» ойыны. Студент берілген әр жолдан артық сөзді табуы керек. Бұл ойында әр жолда тақырыпқа қатысты сөздер алынады да, арасына мағынасы тақырыпқа сай келмейтін, мәні мүлдем басқа сөз кіріп кетеді. Сол сөзді табу – студенттің мақсаты.

Жастар, адам, ұрпақ, *қалам*,
Тұлға, маман, кәсіпкер, *техника*,
Азамат, студент, өнерпаз, *компьютер*,
Білім алушы, технолог, тәрбиеші, *үстел*

Өкіл, *заман*, меңгеруші, делдал,
Оқушы, талапкер, *қағаз*, тапсырушы,
Қаламгер, тілші, *тауар*, эколог,
Өнерпаз, журналист, дәрігер, *басқарма*

12. «**Интегративті тапсырма**» ойыны. Бұл ойын түрі математика әлемімен тығыз байланысты. Кез-келген тақырыпқа ойналатын ойын элементі.

1. Сәуір айының реттік нөмірін Қазақстан сөзіндегі дауысты дыбыстар санына көбейтіңіз. (он екі)

2. Елбасы сөзіндегі дауыссыз дыбыстар санын Тәуелсіздік алған жылдың соңғы екі санына көбейтіп, оған Елбасымыздың туған жылының соңғы екі санын қосыңыз. (313)

3. Қазақ тіліндегі септік жалғауларының санын орыс тіліндегі септік жалғауларының санына көбейтіп, оған «Тәуелсіздік» сөзіндегі дауысты дыбыстардың санын қосыңыз. (46)

Қорытындылай келе, мұндай ойын элементтері өте көп. Оны тек әр оқытушы қалай қолдана алады, оны қолдану барысында тиімділігі қандай деген мәселелер басты назарға алынады. Мемлекеттік тілді орыс топтарында оқытатын оқытушының басты мақсаттарының бірі - студенттің оқу, таным белсенділігін арттыру, студентті пәнге қызықтыру, ынталандыру. Осы мақсаттарға жету үшін сабақта интерактивті әдістерді жиі қолдануға тырысамыз.

Ойын элементтері белгілі бір мақсатта, тілді меңгеруде деген ынтызарлықты оята отырып, орындаушылық қабілетке де жетектейді. Ойын элементтердің мәні-ойын барысында студенттің тілдік қатынас жасауға деген талабы. Қажетті сөздерді үйренсем, тауып айтсам деген ойлау қабілеттерін дамытады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Артықова Т.М. Қыстаубаева Ж. Қазақ тілі . Оқыту әдістемесі.А., 2005 ж.
2. Бақыбекова.Н. Саралап деңгейлеп оқыту технологиясы арқылы оқушылардың білім деңгейін арттыру.-А: Қазақ тілі, №4, 2007.166.
3. Қуанышбаева А.Жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді пайдалану.А: Қазақ тілі: Әдістеме. Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал, №2,2004. 47 б.
4. Айтмамбетова Б. Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері. -А., 1991.